

# ӘЛЕМ

## ТАНЫҒАН ҰЛЫ АБАЙ



**А**бай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойында елімізде мемлекет және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының ұлттық болмысы, бітімі, тұрмыс-тіршілігі, қазақи мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс табады.

Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жаңғыру – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытып, жаңа құндылықтарға жол ашады.

Ғұлама Абай осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейімделуге шақырған. «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі» - деді Елбасы Н.Назарбаев.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің

тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Биыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған іс-шаралар аясында ақын шығармалары он тілге аударылды. Қазақстанның Индонезиядағы Елшілігі ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен бірге ұлы Абай «Қара сөздерінің» индонезия тіліне аударылған нұсқасының онлайн-тұсаукесерін өткізді. Бұл жаңалықты біз мақтанышпен қабылдадық.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті нағыз ұлы тұлғаларды дайындап шығарған киелі қара шаңырақ. Университетіміздің әскери кафедрасында студенттерді ұлттық дәстүрге, әскери патриот-

тық рухта тәрбиелеуге атсалысып келеміз.

Әскери кафедра оқытушылары студенттермен бірлесе Абай мұражайында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасын жүзеге асыру мақсатында «Абай жолы» романының әлемдегі орны туралы іс-шара өткізілді. Әскери кафедра студенттері ақынның өмір тұрмысымен ұлы Абай өмір сүрген тарихи уақытпен танысты.

**С.КУЛЬМАНОВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОҚУ әскери**  
**кафедрасының**  
**оқытушысы, запастағы**  
**подполковник**

## АҚЫН ДАНАЛЫҒЫНА ТАҒЗЫМ

**А**бай бірегей тұлға. Қазақ әдебиетінде Абайдан асқан, Абайдай дара, дана тұлға жоқ. Ақын есімімен аталатын театрлар, көшелер, кітапхана, мектептер, жоғары оқу орындары мен саябақтар бар. Бұл ақынға көрсетілген құрметтің бір парасы ғана, ал Абайдың алып тұлғалы ескерткіштерін кез келген қаладан кездестіруге болады.

Абай десек ойымызға Мұхтар Әуезов жазған «Абай жолы» романы оралады. Кеңестік дәуірде бұл кітап бірнеше рет өзгертіліп социалистік реализм әдісімен цензураға ұшырап, төрт рет қайта жазылды. Тіпті сол кезде Абайдың жазған өлеңдері де,

оның діни көзқарастағы сөздері де сүзгіден өтіп әбден өзгертілген. Сондықтан «әр қазақ Абайды толық таныды ма?» - деген заңды сауал туады. Осы жерде Мұхтар Әуезовтің «Абай түбі терең мұхит, мен оның бетін ғана қалқыдым» дегені әлі де болса зерттелмей жатқан терең тұңғығы көп пе деп ойлайсың.

Абай тек қана бір қазақ халқына емес, ол бүкіл түркі әлеміне ұлт-өнепе, сондықтан Абайға жүгінбей кетуге болмайды. Сол замандағы қасиретті, қайғыны көзімен көрген ақын қанша ызалы болғанымен өзінің маңайынан өзінің жан дүниесіне лайық боларлық жанды таппағанымен жарқын болашаққа сенді. Сол болашақ ұрпаққа ене отырып, артына өлмейтін ізін қалдырды, әрбір өлеңінен «болашақ ұрпаққа оқы», «білім ал», «жаман қасиеттен аулақ жүр», «жақсы

лыққа үйір бол» деген сөзді естисің, Абай тек қана өзінің бойынан ішкі дүниесінен жарып шыққанын ғана жариялап қоймай, батыс пен шығыстың және орыс халқының мұраларымен етене танысты.

Бүгінгі күні ұлы Абайдың өмірі мен асыл мұрасын насихаттау үшін М.Әуезов атындағы ОҚУ Ақпараттық білім беру орталығы белсене атсалысып келеді. Абайдың 175 жылдығына арналған әдеби кештер, библиографиялық көрсеткіш, виртуалды көрмелер, Абай шығармаларын оқуға арналған челленджер ұйымдастырылды. Өткізіліп жатқан іс-шаралардан Ұлы ақын Абайға деген үлкен сүйіспеншілік пен құрметті байқаймыз.

**Ботагөз ЖҰМАБАЕВА,**  
**Ақпараттық білім беру**  
**орталығының сектор**  
**меңгерушісі**